

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі
мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

10.10.2023ж

Түркістан қ.

Күн тәртібі:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындалу барысы туралы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы, емхана басшысы Р.Б.Тасырбаев «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамада көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстар барысына тоқталды.

Емханаға бос орындарға орналасу кезінде кадрларды іріктеу үшін арнайы комиссия түзілді, іріктеу барысын хаттамамен рәсімдеп жүру кадр бөлімінің меңгерушісіне тапсырылды. Туарларды және қызметтерді сатып алу рәсімдері заң аясында, тиісті мерзімде өткізу қамтамасыз етілсін, сонымен қатар алдағы уақытта аталмыш кемшіліктерге жол бермеу мақсатында тиісті шаралар қабылданды. Аталмыш кемшілікке жол берген мемлекеттік мемлекеттік сатып алу қызметкеріне «ескерту» беру ұсынылды. Емханадағы сатып алуды ұйымдастырған кезде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 41 бабының 1 тармағына сәйкес жүргізілсін, яғни бәсекелестік ортаның болуы қамтамасыз етуін қадағалау бас есепшіге тапсырылды.

Түркістан қалалық емханасында ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 24 тамыздағы №576 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау және сыбайлас жемқорлықты адын алу мақсатында арнайы жоспар түзіліп, осы бағыттағы барлық шаралар жүйелі түрде сапалы өткізіледі. Нормативтік құжаттарды бекіту, жоспар бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты емхана сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларға жариялау жұмысы жақсы жолға қойылған. Сыбайлас емқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыру үшін тақырыптық тренингтер және семинарлар жоспарлары бекітілуде.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар төңірегінде талқылау жүргізілді, сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

Қаулы:

1. Емханадағы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 41 бабының 1 тармағына сәйкес жүргізілсін, бәсекелестікорта қамтамасыз етілсін.
2. Қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруі, емханадағы сыбайлас жемқорлықтан кез келген түрінен бас тарту мақсатында емхана қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Р.Б.Тасырбаев

М.Ә.Амантуров